

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «Ә» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
21.02 - 25.02.22 ақпан

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Аманшеева А.Ж

Тәрбиеші: Абенова Б.К

Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кенес.	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Баланың жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.				
Танертенгі жаттығу.	Танертенгі жаттығу кешені № 11				
Ойындар. (үстел үсті, саусақ және т.б.).	Қ.с №4. Ойлан да аяқта.	Т.с № 1 Карточкаға қандай сан жазылған?	Қ.с № 16. Балық аулау	Т.с № 22 Қиындыларды дұрыс бөл	Ә.с № 18 Телефон
Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ	<p>1.Сауат ашу.</p> <p>Сауат ашу негіздері.</p> <p>Тақырыбы: Д дыбысы.</p> <p>ҰОҚ мақсаты: Д дыбысымен танысады, сөзге дыбыстық талдау жасайды, сөздердің ішінен Д дыбысын тауып айтады. Д дыбысы бар сөздермен сөйлемдер құрайды.</p> <p>Педагог жетекшілігі</p> <p>мен ойын: «Дыбыстарды таны»</p> <p>Шарты: Өткен дыбыстарды қайталайды. Дауысты дауыссыз</p>	<p>1.Математика негіздері.</p> <p>Тақырыбы: 10 көлемінде тура және кері сана.</p> <p>ҰОҚ мақсаты: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санай алады; бірді қосып және азайтуды үйренеді.</p> <p>Педагог жетекшілігі</p> <p>мен ойын: «Сан және санау»</p> <p>Шарты: Заттарды санайды. Санын айтады.</p> <p>Ойын: «Кім шатаспай санайды?»</p> <p>Шарты: 1-ден 10-ға дейін</p>	<p>1.Сауат ашу.</p> <p>Тақырыбы: Д дыбысы.</p> <p>ҰОҚ мақсаты: Д дыбысымен танысады, сөзге дыбыстық талдау жасайды, сөздердің ішінен Д дыбысын тауып айтады, Д дыбысы бар сөздермен сөйлемдер құрайды.</p> <p>Педагог жетекшілігі</p> <p>мен ойын: «Дыбыстарды таны»</p> <p>Шарты: Өткен дыбыстарды қайталайды. Дауысты дауыссыз</p>	<p>1.Құрастыру.</p> <p>Тақырыбы: Түлкі мен ешкі</p> <p>ҰОҚ мақсаты. Түлкі мен ешкі ертегісінің мазмұнын біледі. Қатты қағаздан бейнені дұрыс қия білуге дағдыланады. Жан-жануарларға қамқорлық танытады.</p> <p>Педагог жетекшілігі</p> <p>мен ойын: «Кім тапқыр?»</p> <p>Шарты: Жұмбақтың жауабын табады.</p>	<p>1.Өзін-өзі тану.</p> <p>Тақырыбы: Мен еңбекқор баламын.</p> <p>ҰОҚ мақсаты: «Еңбек» және «еңбексүйгіштік» туралы түсінік алады.</p> <p>Педагог жетекшілігі</p> <p>мен ойын: «Болайықшы осындай» А.Меңжанова.</p> <p>Шарты: Тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Бірге жаттайды.</p> <p>Құрылымдалған ойын: «Бақыт кілті-еңбекте»</p> <p>Шарты: Суретке қарап әңгіме</p>

<p>сөздермен сөйлемдер құрайды.</p> <p>Педагог жетекшілігі</p> <p>мен ойын: «Дыбыстарды таны»</p> <p>Шарты: Өткен дыбыстарды қайталайды. Дауысты дауыссыз дыбыстарды ажыратады.</p> <p>Д-дыбысымен таныс бол.</p> <p>Д-ұяң дауыссыз дыбыс.</p> <p>Құрылымдалған ойын: «Ойлан тап»</p> <p>Шарты: Балалар Д дыбысынан келетін суреттерді табады, буынға бөледі.</p> <p>Еркін ойын: «Д дыбысын жазамыз»</p> <p>Шарты: санағышпен ,карандашпен Дд дыбысын құрастырып жазады. Дәптерге жазады.</p> <p>Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау</p> <p>2.Жаратылыстану.</p> <p>Тақырыбы: Асыранды үй жануарларын қалай күтіп</p>	<p>санау»</p> <p>Шарты: Заттарды санайды. Санын айтады.</p> <p>Ойын: «Кім шатаспай санайды?»</p> <p>Шарты: 1-ден 10-ға дейін тура және кері санайды.</p> <p>Құрылымдалған ойын:</p> <p>«1-10 аралығындағы сандар»</p> <p>Шарты: Сандарды және карточкаларды сызып қосады.</p> <p>Еркін ойын: «Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жасап көрсет»</p> <p>Шарты: Цифрлардың үстінен саусағымен жүргізіп көрсетеді, ермексаздан жасайды.</p> <p>2.Сөйлеуді дамыту.</p> <p>Тақырыбы: Ақсақ құлан.</p> <p>ҰОҚ мақсаты: Аңыз туралы түсінік алады. қазақ халқының музыкалық аспаптары туралы біледі.</p>	<p>Педагог жетекшілігі</p> <p>мен ойын: «Дыбыстарды таны»</p> <p>Шарты: Өткен дыбыстарды қайталайды. Дауысты дауыссыз дыбыстарды ажыратады.</p> <p>Д-дыбысымен таныс бол.</p> <p>Д-ұяң дауыссыз дыбыс.</p> <p>Оқып үйренем.</p> <p>Құрылымдалған ойын: «Дыбыстар»</p> <p>Шарты: Балалар Д дыбысын ермексаздан жасайды.</p> <p>Еркін ойын: «Сөз ойла, тез ойла»</p> <p>Шарты: Балалар Д дыбысы кездесетін сөздерді айтады.</p> <p>Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау</p> <p>2.Көркем әдебиет.</p> <p>Тақырыбы: Маша мен аю</p>	<p>Педагог жетекшілігі</p> <p>мен ойын: «Кім тапқыр?»</p> <p>Шарты: Жұмбақтың жауабын табады.</p> <p>Құрылымдалған ойын:</p> <p>«Ертегілер елінде»</p> <p>Шарты: Жаңа ертегімен танысады. Тыңдайды.</p> <p>«Түлкі мен ешкі»</p> <p>Еркін ойын: «Түлкі мен ешкі»</p> <p>Шарты: Қатты қағаздан түлкі мен ешкі бейнесін кияды.</p> <p>Күлегештер арқылы бағалау</p> <p>2.Денешынықтыру.</p> <p>Тақырыбы: Жігіттер сайысы.</p> <p>ҰОҚ мақсаты: Фитболды түрлі заттардың арасынан ирек жолмен алып жүреді. Хоп-фитболмен текшелердің арасымен</p>	<p>Шарты: Тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Бірге жаттайды.</p> <p>Құрылымдалған ойын:</p> <p>«Бақыт кілті-еңбекте»</p> <p>Шарты: Суретке қарап әңгіме құрастырады.</p> <p>Еркін ойын: «Мен еңбекқор баламын»</p> <p>Шарты: Табиғат бұрышында еңбек ету.</p> <p>Гүлдерге су құяды.</p> <p>Еңбек.</p> <p>Гүл өсірсең терлеп, Мұның аты-еңбек.</p> <p>Кесте тіксең зерлеп, Мұның аты-еңбек.</p> <p>Сабағыңды жөндеп, Әзірлесең-еңбек.</p> <p>Қиындықтың бәрін, Еңбек қана жеңбек.</p> <p>Екі жұлдыз, бір тілек»</p>
--	--	--	--	---

<p>баптаймыз?</p> <p>ҰОҚ мақсаты: Балалар үйде асырайтын жануарлардың аттарын атап береді, оларға күтім жасау жолдарын және олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайлар туралы әңгіме құрастыра алады.</p> <p>Педагог жетекшілігі</p> <p>мен ойын: «Үй жануарлары»</p> <p>Шарты: Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Әр бала сурет бойынша үй жануарлары туралы білетінін айтады.</p> <p>Құрылымдалған ойын: «Үй жануарларының өнімдері»</p> <p>Шарты: үй жануарларының пайдасын, одан алынатын азық-түліктерді ажыратады..</p> <p>Еркін ойын: «Жануарлардың төлін тап»</p> <p>Шарты: Үй жануарларының төлдерін орналастырады.</p> <p>«Басмармақ әдісі» әдісі.</p>	<p>Аңыз бойынша түсінік айтады. Жануарлардың төлдерін ажыратады.</p> <p>Педагог жетекшілігі</p> <p>мен ойын: «Жануарлар»</p> <p>Шарты: Тақтаға жылқы тектес жануарлардың үлгі суреттері ілінеді. (жылқы, есек, ала құлан, құлан, қашыр). Педагог әр жануарға түсінік береді. құлан да жылқы тектес жануар екенін айтады.</p> <p>Тыңда.</p> <p>-Балалар, құлан-жылқы тектес жануар.</p> <p>-Сендер жылқыны білесіңдер ме?</p> <p>-Құланның да жылқы сияқты жалы бар, бірақ ол-жабайы жануар. Ертеде аң сияқты, құланды да аулап етін жеген.</p> <p>«Ақсақ құлан» аңзын балаларға мәнерлеп оқып беру.</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p>Арғымақ.</p>	<p>ертегісі.</p> <p>ҰОҚ мақсаты: Балалардың ертегіге деген қызығушылығы артады. Ертегінің мазмұны мен мағынасын түсініп өз ойларын жеткізе біледі. Оның қиялымен ұштастыруға, кейіпкерді өздігінен ажырата білуге дағдыланады.</p> <p>Педагог жетекшілігі</p> <p>мен ойын: «Ертегілер еліне саяхат»</p> <p>Шарты: Тақтаға ілінген суреттерден қандай ертегі екенін айтады.</p> <p>Тыңда. «Маша мен аю» ертегісін мәнерлеп оқу, баларды жаңа ертегімен танысады.</p> <p>-Өзің білетін ертегілерді ата.</p> <p>Құрылымдалған ойын:</p> <p>«Ертегі кейіпкерлерін таны»</p> <p>Шарты: Тақтаға ілінген ертегі кейіпкерін атайды, қай ертегі кейіпкері екенін табады.</p>	<p>арқаны тік ұстап секіреді.</p> <p>Педагог жетекшілігі</p> <p>мен ойын:</p> <p>«Кім шапшаң?»</p> <p>Шарты: Балалар бірнеше тізбекте сап түзейді. Белгі бойынша шашырап кетіп, қалауынша қимылдар жасайды. Олар өз орындарын есте сақтап қалуы керек қайтадан белгі бергенде өз орындарында тез келіп тұра қалулары керек.</p> <p>«Қаңбақтар»</p> <p>Шарты: Фитболды заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру. Белгі бойынша алғашқы ойыншы заттардың арасымен модульды айналып фитболды алып жүреді де, қажетті жерге жеткен соң дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы фитболды келесі ойыншыға береді. ойыншылар екі аяқпен бірдей екпіндеп сырғып жүруге тырысады.</p>	<p>2.Музыка.</p> <p>Тақырыбы: Бұл қай кезде болады?</p> <p>ҰОҚ мақсаты: шығармалардың эмоциялық мазмұнын олардың сипатын, көңіл-күйін ажыратады. Өннің сипатын қабылдайды, дауысын дұрыс келтіріп орындайды. Ойын арқылы әдептілікке үйренеді.</p> <p>Педагог жетекшілігі</p> <p>мен ойын: «Бұл қай кезде болады?»</p> <p>Шарты: Жұмбақтың жауабын табады. Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Суда мұз бар, жер де қар, Боран борап соғады. Бұл қай кезде болады? (қыс мезгілі).</p> <p>Шаңғымен зырлап желетін, Шаңғы, коньки тебетін. Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (қыс).</p>
--	--	--	--	--

<p>3.Денешынықтыру.</p> <p>Тақырыбы: Шаңғымен жүру.</p> <p>ҰОҚ мақсаты: Шаңғы жолымен сырғу арқылы жүру жаттығуларын жасауға дағдыланады. Таудан түсу және оған көтерілу үлгісі бойынша жаттығуларды жасайды.</p> <p>Негізгі кезең.</p> <p>Түзету жаттығуларын орындау.</p> <p>Шынығамыз күнде біз!</p> <p>(қолдарын иығына қарай бүгіп жазу).</p> <p>Шымыр болып өсеміз!</p> <p>(бірлесіп адымдап жүру).</p> <p>Мұрнымызбен тыныс алып, аузымызбен шығарамыз!</p> <p>(қолдарын белге қойып, тыныс алу: демін ішіне тарту, демін сыртқа шығару).</p> <p>Терең-терең дем аламыз! (қолдарын жоғары көтеру: демін ішке тарту, демін сыртқа шығару).</p>	<p>Мініп алып сабауға,</p> <p>Асыр салып жүр інім.</p> <p>Достары тұр маңайда,</p> <p>Қызық көріп қылығын.</p> <p>Жақын келген баланы,</p> <p>Қағып-соғып кетеді.</p> <p>Арықтардан алдағы,</p> <p>Қарғып-қарғып өтеді.</p> <p>Бірге айтып қайталайық.</p> <p>Ла-ла-ла-лақ,</p> <p>Лә-лә-лә-Ләззат.</p> <p>Да-да-да-дала,</p> <p>До-д- до-долана.</p> <p>Құ-құ-құ-құлан,</p> <p>Құ-құ-құ-құлақ.</p> <p>Құрылымдалған ойын:</p> <p>«Бұл қай жануар?»</p> <p>Шарты: Жануарлардың суреттері көрсетіледі, олардың қайда өмір сүретіні сұралады. Олардың немен қоректенетінін айтады.</p>	<p>Еркін ойын. «Менің сүйікті ертегім»</p> <p>Шарты: Балалар өздеріне ұнаған ертегі кейіпкерлерінің жақсы қасиеттері туралы әңгімелеп береді.</p> <p>«Басмармақ әдісі» әдісі арқылы балаларды бағалау.</p> <p>3.Орыс тілі.</p> <p>Тақырыбы: Поможем гномам собраться прогулку.</p> <p>ҰОҚ мақсаты: Расширять словарь по теме, учить детей описывать предметы одежды, называя цвет, кто носит эту одежду, учить отвечать на вопросы: Что это? Какого цвета?; закреплять умение согласовывать существительные с числительным, правильно произносить звуки русского языка; развивать внимание, память; воспитывать аккуратность и бережное отношение к вещам.</p> <p>Педагог жетекшілігі</p> <p>мен ойын: «Бұл киімдерді қай мезгілде киеді?»</p> <p>Шарты: Балалар суреттегі</p>	<p>«Жігіттер»</p> <p>Шарты: Хоп футболмен текшелердің арасымен арқаны тік ұстап секіру; еденнен шұғыл итеріліп жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп, қайта қону.</p> <p>«Басмармақ» әдісі.</p> <p>3.Жапсыру.</p> <p>Тақырыбы: Орамалды әшекейле.</p> <p>ҰОҚ мақсаты. Түстерді сәйкестендіріп сәндеу техникасы бойынша түрлі өлшемдегі үшбұрыштарды қиюға, бұйымды әшекейлеуге үйренеді.</p> <p>Педагог жетекшілігі</p> <p>мен ойын: «Кім бірінші?»</p> <p>Шарты: Бөліктерден жинайды. Қандай сурет пайда болғанын айтады?</p> <p>-Орамал не үшін қажет?</p> <p>-Сенің анаңда қандай орамал түрлері бар?</p>	<p>-Қазір жылдың қай мезгілі?</p> <p>-Қыс сендерге несімен ұнайды?</p> <p>-Қысқы ойындарды ата.</p> <p>-Қыста қандай ойындар ойнайсыңдар?</p> <p>-Қардан не жасауға болады?</p> <p>Бірге жаттайық.</p> <p>Далада қар борайды,</p> <p>Ақ мамыққа орайды.</p> <p>Мұз болады, катады,</p> <p>Жып-жылтыр боп жатады.</p> <p>Ән тыңдау: «Қыс» Б.Ерзакович.</p> <p>Құрылымдалған ойын:</p> <p>Ән айту: «Зырлайды шаңғамыз» М.Маңғытаев.</p> <p>«Қыс қызығы» И.Нүсіпбаев.</p> <p>-Әнде не туралы айтылған?</p> <p>-Әннің көңіл-күйі қандай?</p> <p>Еркін ойын:</p> <p>Музыкалық ырғақты қозғалыс: «Ленталармен</p>
---	---	---	--	---

<p>Қатар-қатар тұрайық!</p> <p>Қадам басып, сап құрайық! (бірге адымдап жүру)</p> <p>Табиғатты тамашалап, Кереметке қуанайық! (бір орнында тұрып, жоғары секіру)</p> <p>Бораннан да қорықпаймыз! (адымдап жүру)</p> <p>Қарды қағып ұстаймыз! (шапалақ ұру).</p> <p>Қолымызды түзейміз, (екі жағына түзеп қояды)</p> <p>Қар жетеді ойнаймыз! (шапалақ ұру)</p> <p>Біз енді қар лақтырамыз! (сол қолмен лақтыруды бейнелеу).</p> <p>Қар лақтырып ойнасақ, Суық өтер қолғаптан. (қар лақтыруды көрсетеді)</p> <p>Сонда да біз қорықпаймыз! (оң және сол қолмен қар лақтыруды көрсетеді)</p> <p>Нысанаға атқылаймыз.</p>	<p>Еркін ойын: «Жануарларды салыстыр»</p> <p>Шарты: Сурет бойынша жануарларды атайды, олардың дене мүшелерін салыстырады.</p> <p>Екі жұлдыз, бір тілек.</p> <p>3.Сурет салу.</p> <p>Тақырыбы: Атама арналған тымақ. (акварель бояуы).</p> <p>ҰОҚ мақсаты: Пішіндер туралы білімдеріне сүйене отырып, негізгі пішін олардың бөліктерінің үйлесімділігін бере отырып тымақтың суретін салады. Педагог жетекшілігі</p> <p>мен ойын: «Бұл киімдерді қай мезгілде киеді?»</p> <p>Шарты: Балалар суреттегі киімдерді қай мезгілде киетіндерін айтады.</p> <p>Суретпен жұмыс..</p> <p>Жұмыс дәптері.</p> <p>«Атама арналған тымақ»</p>	<p>киімдерді қай мезгілде киетіндерін айтады.</p> <p>Азбука-тетрадь.</p> <p>1.Подбери одежду гномикам. Соедини. Назови цвет.</p> <p>2.Перечисли времена года. Какую одежду носят в разное время года? Соедини линией.</p> <p>Словарник: ботинки, куртка, обувь, одежда.</p> <p>Құрылымдалған ойын:</p> <p>«Қуыршаққа киім таңда»</p> <p>Шарты: Жыл мезгіліне сәйкес қуыршаққа киім таңдайды.</p> <p>Еркін ойын: «Сыңарын тап»</p> <p>Шарты: Балалар бірдей қолғаптарды табады.</p> <p>«Басмармақ әдісі» әдісі арқылы балаларды бағалау.</p> <p>4.Музыка.</p>	<p>Құрылымдалған ойын:</p> <p>«Пішінін және түсін өзгерт»</p> <p>Шарты: Орамалдардың пішінін және түсін өзгертіп салады.</p> <p>Еркін ойын: «Орамалды әшекейле»</p> <p>Шарты: Түрлі-түсті қағаздардан балалар орамалды қиып жапсырады.</p> <p>-Бүгін нені жапсырдыңдар?</p> <p>«Басмармақ» әдісі. Ең жақсы жасалған жұмыстардан көрме ұйымдастыру.</p> <p>1. В.К Ойламыз, ойнаймыз</p> <p>Тақырыбы: Қай уақыт,сағат неше?</p> <p>Мақсаты: Уақыт туралы түсініктерін қалыптастыру</p> <p>Педагог жетекшілігімен</p>	<p>жаттығу» В.Моцарт. «Басмармақ әдісі» әдісі арқылы балаларды бағалау.</p> <p>3.Дене шынықтыру.</p> <p>Тақырыбы: Ұлы есімдер</p> <p>ҰОҚ мақсаты: Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамытады. Қатар-қатар қойылған таяқтардан екі аяқтап аттап секіруге жаттығады, екі аяқты бірдей жазып барып итерілу арқылы құламай түсу, қол мен аяқтың қимылын үйлестіруді дамыту. Өз денесін басқаруды жалғастыру, қолға доп ұстап жатып екпетінен арқаға аунап ілгері қозғалу. Ептілік, күштілік пен төзімділікті дамыту. Еліміздің тарихына қызығушылығы мен ұлт дәстүріне деген құрметке, басқаларға көмек бере білу, өз мүддесінен команданың мүддесін жоғары қоюға үйренеді. Еліміздегі атақты спортшыларымызды құрметтейді. Бір-бірден тізбекте сап түзеу, саппен жүру; бірден-екіден қайта сап түзеп тұру; жүру;</p>
---	--	---	--	--

<p>(шапалақ ұрады)</p> <p>«Секек-секек»</p> <p>Шарты: бір орынында тұрып бір аяқтан екінші аяққа ауыса отырып секіру.</p> <p>Қозғалыс ойыны: «Сағат»</p> <p>Шарты: Екі ойыншы бірдей қашықтықта шеңбер бойымен тұрып алып, белгі берілгенде бір бағытта жүгіріп, бірін-бірін қуып жетуге тырысады. Ойында жаттығуларды екі бағытта қайталау керек. (сағат тілімен, сағат тіліне қасы).</p> <p>«Басмармак» әдісі.</p> <p>4.Мүсіндеу.</p> <p>Тақырыбы: Қуыршаққа арналған ыдыс. (қасық, тәрелке, саптыаяқ).</p> <p>ҰОҚ мақсаты: Геометриялық фигураларға келтіре отырып, ыдыстарды мүсіндейді. Шығармашылық қабілеттерін дамыта алады.</p> <p>Педагог жетекшілігі</p> <p>мен ойын: «Кім тез табады?»</p> <p>Шарты: Жұмбақтың жауабын</p>	<p>(суретті салады).</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p>Ал, балалар тұрайық, Алақанды ұрайық.</p> <p>Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық.</p> <p>Құрылымдалған ойын:</p> <p>«Кім қандай киімді таңдайды?»</p> <p>Шарты: Хатқалтаға салынған әртүрлі киімдердің үлгілері балаларға таратылып беріледі. Балалар киімдерді және ұлттық киімдердің аттарын атап, олардың қашан, қайда киюге болатынын айтады.</p> <p>Еркін ойын: «Заттарды сипатта»</p> <p>Шарты: Бір затты сипаттау арқылы атын табады.</p> <p>«Екі жұлдыз бір тілек»</p> <p>4.В.К Ұлттық ойындар</p>	<p>Тақырыбы: Бұл қай кезде болады?</p> <p>ҰОҚ мақсаты: шығармалардың эмоциялық мазмұнын олардың сипатын, көңіл-күйін ажыратады. Әннің сипатын қабылдайды, дауысын дұрыс келтіріп орындайды. Ойын арқылы әдептілікке үйренеді.</p> <p>Педагог жетекшілігі</p> <p>мен ойын: «Бұл қай кезде болады?»</p> <p>Шарты: Жұмбақтың жауабын табады. Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Суда мұз бар, жер де қар, Боран борап соғады.</p> <p>Бұл қай кезде болады? (қыс мезгілі).</p> <p>Шаңғымен зырлап желетін, Шаңғы, коньки тебетін.</p> <p>Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (қыс)</p> <p>-Қазір жылдың қай мезгілі?</p>	<p>ойын: «Қысқы еңбек»</p> <p>Шарты: Тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Тыңда.</p> <p>-Қыста адамдарға жұмыс көп. Жер бепін жапқан қалың қар адамдардың жұмысын көбейте түседі. Олар ауланы, көшені қардан тазалайды. Қарды ағаштың түбіне үйеді. Ал егіспікте қар тоқтату жұмысы жүргізіледі. Қыста адамдар көкөніс сақтайтын қоймада жұмыс істейді. Көкөністерді тазалайды, жақсы түйнектерді көктемде етуге дайындайды. Астық сақтайтын қоймада көктемде себуге арналған тұқымды дайындау жұмысы жүреді.</p> <p>-Адамдардың қысқы еңбегін ата.</p> <p>-Адамдар неге көкөністерді қысқа сақтайды?</p> <p>Құрылымдалған ойын: «Заттардың атын ата»</p> <p>Шарты: Еңбек құралдарын атайды. Не үшін қажет екенін түсіндіреді.</p>	<p>жүгіру.</p> <p>«Тақия тастау»</p> <p>Шарты: Тік нысанаға допты иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру. Тік нысанаға допты бір қолмен лақтырады. Иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп бар күшімен лақтырады. Нысананың тура ортасына тигізуге тырысады. Алдымен оң қол содан соң сол қолмен орындалады.</p> <p>«Басмармак» әдісі.</p> <p>4.В.К Логика әлемі</p> <p>Тақырыбы: Сандарды салыстыру.</p> <p>Мақсаты: Заттар жиынтықтары мен сандарды «<», «>», «=» белгілерінің көмегімен салыстыру іскерлігін қалыптастыру.</p> <p>Тақырыбы: Апта күндері. Ай аттары.</p> <p>ҰОҚ мақсаты. Балалардың</p>
---	--	--	--	---

<p>табады.</p> <p>Кесе, шыны, пиала,</p> <p>Оларсыз шәй құя ма?</p> <p>Қасықсыз тамақ жемейді,</p> <p>Бәрінің атын не дейді?</p> <p style="text-align: right;">(ыдыс-аяқ).</p> <p>Ерінбей еңбек істеген,</p> <p>Онсыз тамақ ішпеген.</p> <p style="text-align: right;">(қасық)</p> <p>-Ыдыстар не үшін қажет?</p> <p>-Ыдыстар неден жасалады?</p> <p>-Қандай ыдыс түрлерін білесіңдер?</p> <p>Құрылымдалған ойын:</p> <p>«Тез жауап бер»</p> <p>Шарты: Сұрақ-жауап.</p> <p>-Бұл не?</p> <p>-Бұл зат неден жасалған?</p> <p>-Түсі, пішіні қандай?</p> <p>Балалардың жұмысы.</p>	<p>Тақырыбы: «Теңге алу»</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Жылдамдықты, белсенділікті, шапшандықты, тапқырлықты, ұйымшылдықты қалыптастыру.</p> <p>Педагог жетекшілігі</p> <p>мен ойын: «Жануарлар әлемі»</p> <p>Шарты: Тындайды.</p> <p>Балалардың жұмысы:</p> <p>«Ұлу»</p> <p>(ермексаздан ұлуды мүсіндейді).</p> <p>Құрылымдалған ойын:</p> <p>«Мекенін тап»</p> <p>Шарты: Жануарлардың өз мекенін табады. Қай жануар қандай інді паналайды?</p> <p>Еркін ойын: «Қимылын көрсет»</p> <p>Шарты: Балалар ұлудың қимылын, жүрісін көрсетеді.</p>	<p>-Қыс сендерге несімен ұнайды?</p> <p>-Қысқы ойындарды ата.</p> <p>-Қыста қандай ойындар ойнайсыңдар?</p> <p>-Қардан не жасауға болады?.</p> <p>Ән тыңдау: «Қыс» Б.Ерзакович.</p> <p>Құрылымдалған ойын:</p> <p>Ән айту: «Зырлайды шанамыз» М.Маңғытаев.</p> <p>«Қыс қызығы» И.Нүсіпбаев.</p> <p>-Әнде не туралы айтылған?</p> <p>-Әннің көңіл-күйі қандай?</p> <p>Еркін ойын:</p> <p>Музыкалық ырғақты қозғалыс: «Ленталармен жаттығу» В.Моцарт.</p> <p>«Басмармақ әдісі» әдісі арқылы балаларды бағалау.</p>	<p>Еркін ойын:</p> <p>«Қайсысы ұнайды?»</p> <p>Шарты: Суреттегі заттарды көрсетеді, олардың қайсысының ұнайтыны, не үшін ұнағаны туралы сұралады.</p> <p>«Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау.</p>	<p>тәулік мезгілдері апта күндерінің жыл айлары туралы білімдерін бекітеді.</p> <p>Педагог жетекшілігі</p> <p>мен ойын: «Мен айналаны танып-білемін. Апта күндері»</p> <p>Шарты: Суретке қара. Балаларға аптаның әр күнінде қай ертегі оқығанын айт.</p> <p>Дүйсенбі-«Бауырсақ « ертегісі.</p> <p>Сейсенбі-«Түлкі мен тырна» ертегісі.</p> <p>Сәрсенбі-«Қысқы баспана» ертегісі.</p> <p>Бейсенбі-«Қызыл телпек» ертегісі.</p> <p>Жұма-«Үйшік-үйшік» ертегісі.</p> <p>Сенбі-«Шалқан» ертегісі.</p> <p>Жексенбі-«Жеті лақ» ертегісі.</p> <p>Құрылымдалған ойын:</p> <p>«Менің туған күнім»</p> <p>Шарты: Балалар өздерінің қай айда туған күні екенін айтады.</p> <p>Еркін ойын: «Маған ұнайтын</p>
---	---	--	--	--

	<p>«Қуыршаққа арналған ыдыс»</p> <p>Балалар ермексаздан мүсіндейді.</p> <p>Еркін ойын:</p> <p>«Суреттегі ыдыстардың атауларын ата»</p> <p>Шарты: Ыдыстардың атауын атайды.</p> <p>«Екі жұлдыз бір тілек»</p>	«Екі жұлдыз бір тілек»			<p>жыл мезгілі»</p> <p>Шарты: Жыл мезгілдерін атайды. Жыл мезгіліне сәйкес заттарды таңдайды.</p> <p>Доп. Қолшатыр. Шаңғы. Секіргіш жіп.</p> <p>«Басмармақ әдісі» әдісі.</p>
Серуен, бақылау.	Серуен № 11 «Суық жел»	Серуен №12 «Халің қалай, қысқы ағаш?»	Серуен № 13 «Ақ дінді ару»	Серуен №14 «Қала көшелері»	Серуен №15 «Аула сыпырушының еңбегі»
Баланың даму картасы.	қатаң және жуан дауыссыздарды ажырату.	10 көлеміндегі сандарды тура және кері санау.	сюжетті суретті салу.	үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасау.	табиғатқа қамқорлық танытудың қажеттілігін түсіну және білу.
Балалардың үйге қайтуы.	Ата-аналармен балалардың жетістіктері бойынша әңгімелесу. Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

